



САРЫБАЙ
БИ

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ 40

Бұл жинақтың жалпы редакциясын басқарып, құрастырғандар:
НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, МАХАББАТ БИГЕЛДИЕВ

Шығармашылық топ:

Нағашыбек Қапалбекұлы, Махаббат Бигелдиев, Жұмабай Шаштайұлы,
Серік Халықов, Сәуле Табалдинова, Қаншайым Тәуірбай.

*Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы «Ата жолы» қоғамдық қорының
демеушілігімен шығарылды*

Қ 40

САРЫБАЙ БИ. Сарыбай Айдосұлының 200 жылдық мерейтойына арналған жинақ. /Құраст.: Н.Қапалбекұлы, М.Бигелдиев. – Алматы: «Жамбыл» баспасы, 2022. - 308 б.

ISBN 978-601-06-8897-1

Сарыбай би Айдосұлының туғанына 200 жыл толуына арналған бұл жинақта атақты бидің елі мен жер үшін қажымас қайсарлықпен күресі, сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік мәселелер жөнінде оқымысты ғалымдар мен ақын-жазушылар ой бөліседі. Сарыбай би есімі көршілес өзбек, қырғыз, қытай, орыс жұртшылығына әділдігімен, асқан білгір билігімен кеңінен таныс. Ол сол дәуірдегі атақты ақындар Сүйінбай, Жамбыл, Майкөт, Құлмамбет, Қатаған, ел қорғаған батырлар Сұраншы, Саурық, Әуез Атамқұл, ділмар көмей билер Ноғайбай, Кебекбай, Телібай, Тоқшабай, ірі тарихи тұлғалар Тезек төре, Шабдан манап, Сыпатай және де басқа да айтулы көсем шешендермен бірлесе отырып, Жетісудың төбе биі атанды. Бұл жинақ тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-06-8897-1

© Н.Қапалбекұлы, М.Бигелдиев, 2022
© «Жамбыл» баспасы, 2022



*Жер деген – байлық, ел деген – халық.
Жер сәні – мыңгерген мал, асылған аң,
Аққан су, жайқалған ну.*

*Ел сәні – атаға қарап өскен ұл,
Анаға қарап өскен ұл.*

*Жерді су көтереді, елді ер көтереді.
Жердің құты күйінде болады,
Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты бінде болады.*

Бөлтірік шешен



Берекет Бақытжанұлы КӘРІБАЕВ –
ҚР Ұлттық Ғылыми Академиясының
академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, тарих ғылымдарының
докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің
профессоры.

ДАНА ДА ДАРА БИ

(Алғысөз)

Көрнекті ірі тарихи тұлғалар қаншама уақыттар өтсе де, қай елдің тарихында болмасын, сол елдің тарихындағы аумалы-төкпелі кезеңдерде, сын саяттарда, қиын-қыстау күндерде өзінің халық алдындағы тарихи міндетін абыроймен орындауы, себепті, сол ел тұлғаның алдындағы парызын өтеу мақсатында, сол тұлғаның есімі арқылы өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында, тұлға есімін естен шығармай, халық жадында мәңгі сақтап отырады. Бұл – заңдылық. Жазу мәдениеті жақсы дамыған кей халықтар ондай тұлғаларын жазба тарихына енгізіп сақтауға тырысса, ал жазба мәдениеті онша дами қоймаған кей халықтар, оның ішінде біздің халық та бар – ондай тұлғаларын ауыз әдебиеті арқылы тарихына қосады. Сөйтіп, ол тұлғалар тарихи аңыз-әңгімелердің, шежіре-жырлардың, дастандар мен

батырлық жырлардың басты кейіпкерлеріне айналады да, өз халқымен бірге қай замандарда болмасын бірге өмір сүре береді. Осылайша, «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген халық мақалы осындай жағдайға қатысты айтылса керек.

Бірнеше мыңжылдықтардың терең түбінен бастау алатын төл тарихымызға бармай-ақ Қазақ елінің соңғы бес ғасырдағы жүріп өткен жолына көз салсақ, «еліне қорған болған, ел үмітін ақтаған» тарихи тұлғаларымыздың ең көп көрініп, ең көп байқалған кезеңіне XVIII–XIX ғасырлар жатады екен. Сондай-ақ, қазіргі күнде қазақ елі-жұртының есінде сақтап, аузынан тастамай жүрген тарихи тұлғаларының басым көпшілігі – хандарымыз мен сұлтандарымыз, батырларымыз бен билеріміз, осы ғасырларда өмір сүрген екен. Оның себептері де жоқ емес. Оның себептерін былайша түсіндіруге болады.

Ғылымда сабақтастық және үздіксіздік деген принциптер немесе қағидаттар бар. Бұл принциптер тарих ғылымында жиі қолданылады. Әсіресе, қазақ этногенезін, этникалық үдерістер тарихын, Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің даму тарихын және таты басқа осындай отандық тарихтың күрделі мәселелерін зерттеуде осы принциптер басшылыққа алынады. Сол арқылы ел аумағында ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттік тарихының үдерісін көруге болады. Осы жерде, аз-маз болса да, мемлекеттілік мәселесіне тоқтала кетсек. Өйткені оның біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты тұстары бар.

Қай кезде де ел, халық өзі өмір сүріп отырған уақыт пен кеңістік шеңберінде өзі тудырған қоғамдық қатынастарын реттеп отыру үшін, оны үнемі дамытып отыру үшін, сондай-ақ өзін-өзі қорғау үшін, мемлекет деп аталатын саяси-әкімшілік басқару жүйесін немесе ғылымда саяси қондырма деп аталатын басқару апаратын қалыптастырады. Еліміздің тарихында сонау скиф-сақ дәуірінен бастап мемлекеттік жүйе қалыптаса бастап, өмір сүре бастайды. Одан кейінгі 2,5-3 мыңжылдықтар бойы осы мемлекеттік жүйе сабақтастық принципі арқылы, яғни осы уақыт шеңберінде өмір сүрген саяси жүйелерде жалғаса, бірін-бірі толықтыра дамиды. Ең бастысы, үзіліп қалмай, уақыт талаптарына сай, жаңа мемлекеттік институттардың элементтерін қабылдай отыра жалғаса береді. Ежелгі ғұндар мен үйсіндер мемлекетіндегі, көне түрік мемлекеттерінде, сондай-ақ оғыздар мен қыпшақ мемлекеттеріндегі, тіпті Алтын Орда дәуіріндегі Дешті Қыпшақ жеріндегі мемлекеттердің бәрине

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| Бірінші бөлім. ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ..... | 5 |
| Б. Кәрібаев. Дана да дара би. (Алғысөз)..... | 6 |
| Н. Әбіқаев. Бірліктің туын жықпаған..... | 11 |
| А. Ақматалиев. Құттықтау сөзі | 13 |
| У. Қалижан. Жетісудың Сарыбай биі..... | 14 |
| Н. Ертас. Ел құраған ерен би..... | 18 |
| Х. Әбжанов. Ұлылар дәстүрін жалғастырған..... | 21 |
| | |
| Екінші бөлім. ЕЛ БАСТАҒАН КӨСЕМ, СӨЗ БАСТАҒАН ШЕШЕН..... | 27 |
| Ж. Дәдебаев. Ақылы асқан айбарлы би..... | 28 |
| Қ. Әбдезұлы. Сарыбай би – тарихи тұлға..... | 37 |
| Т. Омарбеков. Дана Майқы би дәстүрін жалғастырған – Сарыбай би..... | 40 |
| Т. Тебегенов. Ұлылар ұлағаты. | 51 |
| Ө. Жалаири. Сарыбай би тағылымы | 61 |
| Ж. Шаштайұлы. Сарыбайдан Сарыбай сөресіне дейін..... | 64 |
| Н. Қапалбекұлы. Елінде дана болған, жеріне пана болған | 112 |
| Н. Ақыш. Өлкесін өркендеткен саясаткер | 170 |
| М. Қалмұратов. Сарыбай, Сұраншы және Атамқұл батыр | 177 |
| А. Мәуленов. Сарыбай бидің сара жолы..... | 182 |
| Қ. Мұстафаұлы. Топжарған саңлақ би..... | 187 |
| С. Смағұлов. Сарыбай би және оның заманы..... | 194 |
| С. Олжабай. Қара қылды қақ жарған әділ би..... | 202 |
| М. Үмбетаев. Сарыбай би Айдосұлының азаматтық тұлғасы | 208 |
| Г. Найзабаева. Даналық сыры | 226 |
| Қ. Тәуірбай. Ар жүгін арқалаған асыл баба | 232 |
| С. Табалдинова. Сарыбай би және замандастары | 239 |
| | |
| Үшінші бөлім. ЖЫР АРҚАУЫ – САРЫБАЙ БИ | 255 |
| С. Аронұлы. Сүйінбай ақынның Сарыбайды жоқтап айтқаны..... | 256 |
| Ж. Жабаев. Сарыбайға | 257 |
| Сарыбаю | 258 |
| Жамбылдың Сарыбайдың асында айтқаны..... | 259 |
| Ә. Сариев. Асу. (Үзінді)..... | 260 |
| Ә. Жамбылов. Сарыбай зираты басында..... | 281 |
| Ә. Қосбасаров. Сарыбайға..... | 282 |
| Б. Жақып. Шапырашты Сарыбай би Айдосұлы..... | 283 |
| О. Әбділдәұлы. Қасиетті бас ие. | 286 |
| Ш. Сәриев. Сарыбай би Айдосұлы | 295 |
| Е. Жақыпбек. Сарыбай зираты басында | 297 |
| Е. Жақыпбек. Қайназар мен Сарыбай | 299 |
| Р. Сейілханова. Рухың мәңгі өлмейді. | 301 |
| | |
| Түйінсөз. АБЫЗ БАБАНЫ ҰЛЫҚТАУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ..... | 304 |
| Пайдаланылған әдебиеттер..... | 305 |